

## ... қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, патшалық биліктің алдына қойды.

### ● Әлихан Бөкейханның туғанына - 150 жыл

Әлихан Бөкейханның қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негізін бөліп қарастырсақ, ұтылмаймыз. Біріншіден, ол еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғаны сөзсіз. Оның 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың шығармашылығымен таныстыруды көздеген мақала жариялағанын, ал, 1909 жылы ұлы ойшылдың шығармаларының Петербурда жарық көруіне мұрындық болып, өмірінің соңына дейін «Қобыланды», «Ерсайын» «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» және басқа көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп және насихаттап өтуін, әрине, кездейсоқ жағдай деуге болмайды.

Болашақ қайраткердің өмір жолының қалыптасуына отарлық езгіге қарсы Кенесары бастаған жалпыұлттық көтеріліс (1837-1847) туралы ел арасындағы өңгіме-аңыздардың айтарлықтай ерекше әсері болғаны байқалады.

Екіншіден, ХХ ғасырдың басында озық ойлы Еуропа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалымен Ә.Бөкейхан сияқты ірі қайраткердің қалыптасуы, әрине, мүмкін емес-тін. Оның өмір жолын айқындауда, әсіресе, француз революциясының және орыс азаттық қозғалысы мен гуманистік әдебиетінің орны ерекше. 1917 жылдың жазында уақытша өкіметтің комиссары қызметінде жүріп жазған мақаласында «Бостандық, теңдік, туысқандық ХVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған - Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің тарихтан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады, көзі ашық талапты ер іздесе. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады» дейді.

ХІХ ғасырдың соңында Ресей империясында саясаттан тыс қалған түкпірді табу қиын болар еді. Болашақ саяси қайраткер сол ғасырдың сексенінші жылдары империяның шығыстағы ірі саяси орталықтарының бірі Омбы қаласында техникалық училищеде оқыды. Бірақ оның шын мәніндегі үлкен саясаттың не екенін түсінген кезі, әрине, Санкт-Петербург орман-техникалық институтында оқып жүрген жылдарына түспа-түс келеді. Мұнда студенттік қызу пікірталастарға қатысып, ХХ ғасыр босағасынан аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді екені туралы пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шындай түсті.

Ә.Бөкейхан институтты бітірген соң ішкі Ресейден қоныс аударушылар жағдайын зерттеу мақсатымен ұйымдастырылған Половцев экспедициясына қатысу үшін 1895 жылдың жазында Омбыға келгенімен, рұқсат ала алмай, сонда қалып қояды. Омбы орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасып әрі социалистік бағыттағы «Степной край» газетінің жұмысына белсене араласады.

ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығының орта тұсында империя көлемінде қоныстандыру ісі белгілі бір жүйеге түсті. 1904 жылы Петербургте қоныс аудару және жерге орналастыру бас басқармасы құрылды. Ал, келесі бір-екі жылдың ішінде бұл басқарманың мекемелері губерния, облыс және уезд деңгейінде барлық қазақ жерлерінде құрылды. Мемлекет тарапынан үлкен және нақты қолдау алған бұл мекемелердің құқықтық статусы да жоғары болды. Олардың негізгі міндеті «артық» жерлерді анықтап, ол жерлерге ішкі Ресейден көшіп келген орыс шаруаларының орналасуына жағдай жасау еді. Белгілі бір жүйеге түскен, ұлыдержавалық отарлау саясатының басында патшаның өзі, Мемлекеттік Дума және басқа өкімет орын-



Азаттық қозғалысы тарихында терең із қалдырған тұлғалардың бірі - Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Ол 1866 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының жетінші ауылында өмірге келген. Әлиханның әкесі Нұрмұхамед, анасы Бегімханым оқу-білімге жақын, парасатты адамдар болған.

Әлиханның үлкен атасы Бөкей - атақты Қожаалы Барақ сұтанының ұлы. 1816 жылы бес мейрам - аргын Уәли билігін мойындамай, Орта жүзде екінші хандық құрады. Хан етіп сексеннен асқан қарт Бөкейді сайлайды. Бөкейдің тоғыз ұлының бірі - Батыр сұттан. Батырдың ұрдағы - Мырзатай мен Рүстем. Мырзатайдан Нұрмұхамед туады. Бөкейден соң Қарқаралы буынының билігі немересі Жамантайға ауысқан. Жамантай мен Рүстем, Мырзатайлардың арасында әскер және ел билеу ісіне байланысты бас араздық болып, соның салдарынан Рүстем мен Мырзатай Қаратау жаққа ығысқан. Бірақ олар көп ұзамай қайта оралып, Кенесары қозғалысына атсалысады.

# ҚАЙРАТКЕРДІҢ САЯСИ КӨЗҚАРАСЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?

дары тұрды, сондай-ақ, бұл іс қаржыландырылды.

Міне, осындай жағдайда патша өкіметінің отарлау саясатымен күрес жүргізу оңай емес еді. Ал, саяси деңгейі төмен, оқыған азаматтары саусақпен санарлық қазақ қоғамы үшін бұл ауырдың ауыры еді. Студенттік жылдары және омбылық өмірінің алғашқы кезеңінде марксистік бағыттағы Ә.Бөкейханның саяси платформасының біртіндеп өзгеріске ұшырау себептерін осы жағдайдан іздеген орынды. Басқаша айтқанда, қазақ даласын ашықтан-ашық отарлау саясатына білек түре кіріскен патшалық жүйемен пәрменді күрес жүргізу үшін, әуелі бүкіл қазақ жұртының басын біріктіруді көздеген әрекеттер жасап, сонымен бірге орыс қоғамының ішінде ресми билікке қарсы оппозицияда тұрған саяси күштердің қолдауына сүйену керек еді. Ал, мұндай сипаттағы іске, біріншіден, жалпыұлттық мүддені түсінуге көтеріле алмаған қазақ жұрты таптық негізде бөлшектейтін, екіншіден, Ресей жағдайында ашық, ресми саяси күшке айналмаған марксистік партия бағытын ұстану тиімсіз болды.

Ә.Бөкейхан сияқты қазақ оқығандарының саяси көзқарасының мүлдем жана сапаға көтерілуіне тұңғыш орыс революциясы ерекше ықпал етті. Патшалық отарлау аппараты өзіне қызметке даярлаған түрлі мамандық иелері арасынан шыққан қазақ зиялылары елде жана сипат, жана өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылық, ұйымдасқан сипат беру жолдарын қарастырды. Осы бағытта газет-шығару, күреске шақыратын кітаптар бастырып тарату, көкейкесті қоғамдық-саяси талаптар қойған петициялар ұйымдастыру сияқты бұрын қазақ тарихында болмаған саяси күрес құралдарын игере бастады. Сан жағынан аз, әлеуметтік-саяси күресте жинаған тәжірибесі мардымсыз ұлттық интеллигенция үшін мынадай

ауқымды істерді баянды ету оңайға түспегені анық. Тарихи кезеңде атқарылған осынау жұмыстардың ішінен мыналарды бөліп айтуға болады. Олар - белгілі Қарқаралы петициясын ұйымдастыру және өлкеде ресейлік конституциялық демократиялық партияның жергілікті филиалын құру, қолында жасалған әрекет. Сол тұста жалпы қазақ қоғамының саяси өмірінде жаңалық есебінде қабылданған бұл оқиғалардың Ә.Бөкейхан қызметіне тікелей қатынасы болғандықтан, олардың тарихи және қоғамдық-әлеуметтік астарына қысқаша тоқталып өтейік.

1905 жылы маусым айында Қоянды жәрмөңкесінде жазылған Қарқаралы петициясында қазақ қоғамының негізгі ұлттық мүддесі есебінде бірнеше талаптар қойылды. Олар: діни сенімдерді атқаруда, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою; ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу; қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылауға қажет құрал - цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұқсат беру; жаппай қоныстану қарқынының күшейіп, құнарлы жерлердің қоныстанушыларға өтуіне байланысты қазақтар орналасқан аймақтардың олардың заңды меншігі екенін мойындау; мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс қағаздарын қазақ тілінде де жүргізу, олардың жұмысында қостілділікті жолға қою.

Патша өкімшілігі алдында петиция түрінде қойылған бұл талаптар қазақ қоғамының сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси деңгейінен туындаған жалпы демократиялық сипаттағы талаптар болатын. Егер де оларды тарихи тұрғыдан қарар болсақ, басқа дәрежеден көрінуі тіпті де мүмкін емес еді. Қарқаралы петициясы жана даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжы-

рымдап, патшалық биліктің алдына қойды. Сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін табиғи күрес жолына түскендігін ашық анық білдірді.

Бүкіл елді қамтыған наразылықтың қазақ қоғамына бұрын тән емес петиция түрінде көрінуіне түрткі болған тұңғыш ресейлік революция да, ал, оны жазған азаттық қозғалыстың басына келген жаңа әлеуметтік күш - ұлттық зиялылар өкілдері еді. Деректік материалдардағы көрсетулерге қарағанда, петиция авторларының қатарында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы секілді сол кезеңдегі белсенді қазақ зиялылары болған. Ол тұрасында М.Дулатұлы кейінірек «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне елендеп, олардың ісіне еліктеп, ұлт пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрнекті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жол-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды» деп жазды.

Жандарм орындары шамамен петиция авторы деген кісілерді жікшілдік насихат, билікке қарсы әрекет жасады деген сияқты түрлі айыптаулармен қуғынға алып, абақтыға жапты. Бұдан былайғы кезеңде қазақ даласындағы патша жандармериясы басқа революциялық күштермен бірге қазақ демократиялық интеллигенциясын да қуғынға ала бастады, сөйтіп, қабырғасы қата қоймаған ұлттық демократиялық интеллиген-

ция халық тарихындағы азаттық күрестің жана бетін ашты.

Саяси күрес жолына енді түсе бастаған ұлттық интеллигенцияның осы кезеңдегі саяси-әлеуметтік бағдары белгілі дәрежеде Ресейдің радикалдық буржуазиялық партиясы қадеттердің ұстанған бағытымен тоғысқаны да шындық. Өзінің бастапқы саяси күрес кезеңінде самодержавиялық билікті ұтымды сынға алып, оған қарсы оппозицияда болған конституциялық-демократиялық партияның Қазақстанда бөлімін ашуға ынта білдіргендердің қатарында Ә.Бөкейхан да бар еді.

ХХ ғасырдың бас кезінде ұлттық интеллигенцияның алғашқы буыны қазақ тарихын өзара талқыға салды. Бұл талдау ұлттық көлемдегі тұңғыш саналы мақсатты талдау болатын және ол жана қалыптасып келе жатқан ұлттық сананың тұтастыққа ұмтылушылығының көрінісі есебінде жүрді. Халықтың жүріп өткен жолын, жиган тәжірибесін сарапқа салу үшін олар қоғамдық мешеуліктің себеп-салдарына көз жеткізу керек еді. Бұл ретте олар өткен тарихты қызықтаудан, оны өсірелеуден алыс, керісінше оған шындық тұрғыдан дәл баға беруге тырысты.

Қазақстан Ресей құрамына енгеннен кейінгі кезеңде патшалық аппарат саналы түрде қазақ қоғамындағы түрлі әлеуметтік-саяси топтар тарапынан ұлт көлемінде мемлекеттік тұтастыққа ұмтылушылық үрдістеріне қарсы «бөлшекте де билей бер» саясатын жүргізіп, саяси бірлік идеясын жергегінде тұншықтырып отырғаны мәлім.

Сөкен МӘЖІНБЕКОВ,  
Ботакөз АУАНАСОВА,  
М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дің  
«Халықаралық қатынастар және саясаттану» кафедрасының оқытушылары.